

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қарашадағы N 1189 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1472 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының басқармасы" мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің арнайы әскерлері штат санының лимиті шегінде "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жауынгерлік даярлық бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бас басқарма) құрылсын.

3. (Күпия).

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Бас басқарманың жарғысын және оның құрылымын бекітсін;
- 2) оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 тамыздағы N 785 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 31, 317-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қайта аталатын мекемелері тізбесінің 1) тармақшасы алынып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері қолбасшысының басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 649 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 17, 191-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК